

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1672 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 сәуірдегі № 349 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 131 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 131 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 16 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, автокөлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1672 қаулысына мынадай өзгеріс пен т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, автокөлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартын да:

8-тармақтың екінші абзацындағы «ең төменгі» деген сөздер «айлық» деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

12-тармақ мынадай мазмұндағы тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«жеке тұлға сондай-ақ мыналарды ұсынады: салық төлеушілер үшін - Кодексте белгіленген тәртіппен көлік құралдарына салық төлегенін растайтын құжат;

Кодекске сәйкес салық төлеушілер болып табылмайтын тұлғалар үшін - салық төлеуден босату құқығын растайтын құжат.».

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК